

Р.А. Кемербай^{1*} , **Н.Е. Тутинова²** 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

*e-mail: ra2030@mail.ru

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФӘЛСАФАСЫ

Егемен ел болғанымызға 30 жыл. Осы аралықта Қазақ фәлсафасының әлеуеті, бүгінгі жағдайы қандай деген сұрақ туындауы заңдылық. Әрине, философия саласында көптеген зерттеулер, монографиялар, ғылыми жобалар жазылып, жарияланып жатқаны белгілі. Ұстаздар шәкірт тәрбиелеп, диплом, магистрлік жұмыс, докторлық диссертациялар қорғалуда. Дегенмен, Қазақ фәлсафасының көтеріп жүрген мәселелері, идеялары қаншалықты заман талабына сай, студенттердің қызығушылығын тудыра алды ма? Елімізде жүзеге асырылып жатқан Мәңгілік Ел идеясы, Рухани Жаңғыру бағдарламасымен үйлесім тапқан ба? Әлемдік философия кеңістігінде өзіндік дара жолын сала алды ма деген сұрақтар әркімді толғандыратындығы анық. Міне, бізде осы бағытта ой толғатып, өзіміздің ойымызды ортаға салуды ұйғардық.

Хакім Абайдың 175 жылдығына орай Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың баспасөзде жарияланған көлемді екі мақаласы көпшіліктің назарын аудартты. Онда, «Абай – ұлттық брендке айналу керек» – десе, екінші мақаласында «Абай – рухани реформатор» деп лайықты бағасын берді. Сондықтанда, қазіргі Рухани Жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыруда Хакім Абайдың дүниетанымы, қарасөздерінің астарындағы терең ойларға мән беру аса маңызды. Мемлекет Басшысының «Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиеті-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді» деген сөзінің астарына үңіліп, Хакім Абайдың даналығын түсінуге талпыныс жасалды.

Түйін сөздер: Қазақ фәлсафасы, Хакім Абай, Мәңгілік ел, Рухани Жаңғыру, құндылық, идея, экзистенциализм.

R.A. Kemerbay^{1*}, N.E. Tutinova²

¹L.N. Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

²Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, Kazakhstan, Karaganda

*e-mail: ra2030@mail.ru

Abay and kazakh philosophy

We have 30 years of independence. At the same time, the question arises about the potential of the Kazakh falsafa, what is its current state. Of course, it is known that a lot of research, monographs, and scientific projects are written and published in the field of philosophy. Teachers educate students, defend diplomas, master's works, and doctoral theses. However, the problems and ideas raised by the Kazakh falsafa, how did they meet the requirements of the time and arouse the interest of students? Is the idea of Mangilik El implemented in our country compatible with the program of modernization of public consciousness? It is obvious that everyone is interested in the question of whether he managed to build his own individual path in World Philosophy. We decided to express our thoughts in this direction.

Two large-scale articles by President Kassym-Zhomart Tokayev dedicated to the 175th anniversary of Hakim Abai were popular among citizens. In this article, President says that Abai should become a national brand, and in the second article, he praised Abai as a spiritual reformer. Therefore, in the implementation of the current program of Spiritual Revival, it is important to pay attention to the worldview of Hakim Abai, the deep thoughts behind his remarks. «Abay's dream is the people's dream. We should spare no effort to fulfill the dreams and aspirations of the people. Abai's precepts will lead the new Kazakhstan of the XXI century to such heights.

Key words: Kazakh falsehood, Hakim Abay, Mangilik El, Spiritual Revival, value, idea.

Р.А. Кемербай^{1*}, Н.Е. Тутинова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

²Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, Казахстан, г. Караганда

*e-mail: ra2030@mail.ru

Абай и казахская фалсафа

Прошло 30 лет с момента обретения независимости. Между тем возникает вопрос о потенциале казахской философии, о современном состоянии. Конечно, известно, что в области философии написано и опубликовано много исследований, монографий, научных проектов. Преподаватели осуществляют обучение студентов и защиту дипломов, магистерских диссертаций, докторских диссертаций. Однако насколько вопросы и идеи казахской философии отвечали современным требованиям и вызвали интерес студентов? Совместима ли идея Мәңгілік Ел, реализуемая в стране, с программой Рухани Жаңғыру? Меня всегда волновали вопросы о том, смог ли он построить свой собственный путь в мировой философии. Вот мы и решили подумать в этом направлении и поделиться своими мыслями.

Среди граждан были популярны две масштабные статьи Президента Касым-Жомарта Токаева, посвященные 175-летию Хакима Абая. В этой статье президент говорит, что Абай должен стать национальным брендом, а во второй статье он восхваляет Абая как духовного реформатора. Поэтому при реализации нынешней программы духовного возрождения важно обратить внимание на мировоззрение Хакима Абая, на глубокие мысли, стоящие за его высказываниями. «Мечта Абая» – это мечта народа. Мы не должны жалеть усилий для осуществления заповедей для нашего народа. Заветы Абая приведут Новый Казахстан XXI века к таким высотам.

Ключевые слова: Казахская фалсафа, Хаким Абай, Мәңгілік ел, Рухани Жаңғыру, ценность, идея.

*«Өмір ағысы қалай өзгерсе,
философия да солай өзгеруі тиіс.*

*Ақын – өмірді рух көзімен,
ал философ – ақылмен көреді».*

Джебран Халиль Джебран

Кіріспе

Күнде өзгерген алмағайып заманда ұлттық бірегейлігімізді сақтап, өзгелерден өзгеше қылып тұратын өзіндік ойы, сөзі, дүниетанымы бар – қазақ фәлсафасының алатын орны ерекше. Қазақ фәлсафасы деген сөздің өзін кейінгі уақытта қорықпай, ашық айтатын деңгейге жеттік. Ұзақ уақыт солақай саясаттың ықпалымен жабық, айтылмай келген сандық ашылып, төбеміз көкке жеткендей болды. Қазақта «қазақ философиясы» болмаған деген сөздер арасында ара-кідік айтылып жатты. Соның салдарынан, өзіміздің емес, әлемдік философияны көбірек оқыдық, оқыттық. Сол философиямен қаншама буын өсіп шықты. Яғни, қазақ философиясынан гөрі Антика, Ежелгі Қытай, Үнді, Ортағасыр Еуропа, Қайта Жаңғыру, Батыс елдерінің философиясы мен философтарын көбірек оқыдық. Қазақ философиясына келгенде бір, екі сағат қана бөліп, үстіртін өте шыққандығымыз өтірік емес. Әрине, оның өзіндік себебі мен салдары бар. Ең әуелі заман, ондағы құндылықтар, айтылған сөздер мүлдем басқа болатын. Қазақ халқын орыстандыру, діні мен ділінен айыру, мәдениетін аяқ асты қылу.

Бас көтерген саяси ірі тұлғаларын, ғалымдарын, ойшылдарын қудалап, соттап, абақтыға жапты. Жасанды түрде халық жауы қылып, халықтан аластатты. Осындай қазақ халқына қарсы саясат үш жүз жылға созылды.

Қазақ Республикасының тәуелсіздігі еркін ой, тәуелсіздік философиясын дүниеге әкелді. Қазақ дүниетанымын, құндылықтарын, ұлқа тән категорияларын жаңа қырынан қарауға жол ашылды.

Дегенмен, қазақ философиясы қауымының алдында үлкен жауапкершілік пен жаңашылдық тұрғаны анық. Фәлсафа қатып қалған теория емес, үнемі өзгеріп тұратын, заманның талабына сай икемделіп жаңарып, түлеп тұрады. Себебі, қазақ халқының терең тарихындағы ғұлама, ойшылдардың айтып кеткен ойы, тұжырымы ескірмейді. Керісінше күннен күнге өзектілігі артып, халыққа жақындай түседі.

Британдық астрофизик Стивен Хокинг 2012 жылы жарияланған «Высший замысел» атты еңбегінде философия ескірген деген тұжырымға келеді. Философия адамзаттың алдына тұрған мәңгілік сұрақтарды қоя алмайды және шеше де алмайды. Оның бірден бір себебін былай түсіндіреді «бүгінгі философия қазіргі ғылымның жетістіктерімен бір деңгейде емес» – дейді (Хокинг, 2012:208).

Қазақ халқының тарихында ұлттық сана-сезімнің қарқынды өсуімен қатар, өзінің тарихи

дүниетанымдық тамырына деген қызығушылық та артуда. Халықтың мәдени тарихының ажырамас бөлігі ретіндегі дүниетаным мен философия тарихын білу оның өзін-өзі тануының, тарихи өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты болып табылады. Қазақ халқының өзін-өзі тануы өткеннің рухани мұраларына қайта оралмайынша және әлем мен адамға қазіргі дүниетанымдық көзқарастар тұрғысынан үнілмейінше мүмкін болмайды (Бижанов, 2020: 251).

Белгілі ағылшындық ғалым мен қазақстандық философ-ғалымдардың ойы бір бағытта екендігін көруге болады. Яғни, заманның талабына сай философия ғылымына деген сұраныс та өзгеріп тұратындығын және ұлттың сана-сезімінің өткен тарихқа қызығушылығы артатындығына назар аударатындығын көруге болады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Ең әуелі, дүйім қазақ халқының руханияты мен адамшылық құндылықтардың бастауы – оның өткен тарихы, озық ойлы ғұлама-ойшылдардың бай мұрасында. Мәселен, әлемдегі әр түрлі идеологиялардың теке-тірескен заманында өзіміздің ұлттық идеямызды қазақи құндылықтықтар негізінде ғана сақтап, ұрпаққа мұра ретінде бере аламыз. Осы орайда, қазақ халқының тарихи-мәдени және дүниетанымдық ұғымдарын зерттеудің жаңа методологиялық әдістерінің өзектілігі арта түсетіндігі анық. Көптеген ғұлама ойшыл-ақындар, жыраулар мен зиялылардың шығармалары егемен ел болғалы ғана жаңа қырынан талданып, ұлттық ой санамызды жаңғыртып, тарихи бірегейлігіміздің негізін сақтауға үлесін қосатындығы сөзсіз.

Екіншіден, қазақ фәлсафасын зерттеп, тануда тәуелсіз тарихи көзқарас тұрғысынан қарау өзекті мәселе. Әр тарихи оқиғаның астарында өзіндік шындық, өзіндік философия жатқаны белгілі. Дегенменде, осы уақытқа дейін қазақ фәлсафасы, оның өкілдері туралы біршама қомақты еңбектер жарыққа шықты. Совет заманында жазылған еңбектер сол заманның тұрғысынан, сол дәуірдің көзімен жазылатындығы бар. Еркін ой, таза санамен жазылған зерттеулер цензурадан өтпей жарыққа шыға алмағандары қаншама. Айталық, Шәкәрім қажы өз заманында лайықты орнын ала алмады. Жалған жала жабылып, елден алшақтатты, халық жауына айналдырды. Ол уақытта Шәкірім Құдайбердіұлының атын атаудың өзі қауіпті

болатын. Бұл, біз білетін тарихтың ақтаңдақ беттерінің бір парасы ғана.

Үшіншіден, қазақ халқының данышпан, ойшыл қайраткерлерінің шығармашылығына талдау жасаған кезде сол тарихи дәуірдің құндылықтарын ескерген жөн. Ішкі және сыртқы факторлардың ықпалында ұмытпаған абзал. Кей жағдайда қандайда бір тұлғаның айта алмаған, тақырыптың мәні ашылмаған тұстары болатындығы анық. Оның өз субъективті себебі де бар. Өйткені, әділдік пен шындық кез келген басшыға ұнамайтындығы рас. Сонымен қатар, Қазақ фәлсафасын Батыс пен Шығыс өркениетінің арасындағы түркілік квинтэссенция деп атаса болады. Яғни, өзіндік дара жолы қалыптасқан.

Төртіншіден, Қазақ елі Ресей патшасы мен Совет заманында отарлық ел болғандықтан ол дәуірде Қазақ фәлсафасы туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін болмаған. Тәуелсіздікпен бірге Қазақ фәлсафасына еркіндік келді. Ата-баба, түркілік фәлсафаның бойына қан жүгіріп, Қазақ фәлсафасы қайтадан Рухани жаңғыра бастағаны (Қазақ Ренессансы) қуантады. Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың, ойшыл, ғұламалардың шығармашылығынан бастап, XIX ғасырдағы алашшыл, ағартушы-ғалымдардың, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері фәлсафалық тұрғыдан және еркін ой тұрғысынан терең зерттеу объектісіне айналғандығы қуанышты жағдай.

Жоғарыда аталған себеп пен салдарлар ұлттық фәлсафаны одан әрі байытып, «фәлсафа ғылымын» қазақ халқына жақындата түседі деп ойлаймыз.

Қазақ фәлсафасының тарихы мен қазіргі жағдайы – қазақ халқының мақсат-мұратын, қазақ дүниетанымын, ұлттық идеясы мен болашағын анықтауға мүмкіндік беретін тірегі. Демек, қазақ халқының тарихындағы ойшыл, ғұламалар, хакімдердің мұрасы объективті түрде, цензурасыз сараланып, одан әрі зерттеу нысанына айналған кезде ғана ұлттық фәлсафа жаңа мазмұн ала түседі. Бұл жерде тағы бір маңызды мәселе, қазақ халқының тарихындағы ойшыл, ғұламалар, хакімдердің мұрасы қазіргі кеңістік пен уақыт шеңберінде деконструкциялануы қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі күндегі Рухани жаңғыру бағдарламасы мен Ұлы Даланың жеті қырын кеңінен насихаттау ұлттық санамызды оятып, бір идеяның төңірегінде топтасуға ықпалын тигізері сөзсіз. Осы бағдарламаны пайдаланып қазақ фәлсафасындағы тақырыптарды қайта қарап,

жаңғыртуды заманның өзі талап етіп отырғандығын ескерген жөн. Мәселен, құндылықтар өзгеруде. Сол өзгерген заманда студенттерге қажетті прагматикалық білім, идея ұсынбасақ бүгінгі «философияның» қажеттілігіне күмән келтіруі бек мүмкін. Онсыз да зиялы қауымның философияға көзқарасы да әр алуан. Қашан ұлттық фәлсафа, ұлтқа жақындайды деп күтуде.

Қазақ фәлсафасының ерекшелігі «діннен» ешқашан алшақтамаған. Дінге аса бір фанатизм де танытпаған. Дінді – білім, ғылым, дәстүр, мәдениет деп қабылдаған. Осындай симбиозда халық өмір сүрді. Ұрпақтарын дүниенің білімін меңгерсін деп медресеге оқытты. Осыны ескеруіміз маңызды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Совет заманында маркстік-лениндік философия коммунистік партияның теориялық және идеологиялық негізін қалады. Коммунистік партияның сойбылын соғып, қалтқысыз қызмет жасады. Батыс Еуропалық ортағасырларда философия дінге қызмет еткендей, тоталитарлық жүйеде философия коммунистік партияның қолшоқпарына айналғандығын көрдік. Халықтың мүддесін емес, билеуші партияның қызығушылықтарын жоғары қойды. Осындай қилы заманда ұлттық фәлсафа, дүниетаным туралы сөз қозғаудың өзі қиын болатын. Сөзімізді төмендегідей тұжырыммен бекітсек артық етпес.

«Қазақ халқының тарихында 1917 жылдан бастап отаршылдықтың жаңа түрі – кеңестік құндылықтар қалыптаса бастап, коммунизм туралы ілім негізге алынды, маркстік-лениндік философия үстемдік етті. Мұндай жағдайда қазақ халқының даналық ой-пікірлерін зерттеуге мүмкіндік болмады» – делінген Қазақ энциклопедиясында (Қазақ энциклопедиясы, 2002 :1).

Қазақ философиясының бүгінгі тыныс, тіршілігіне қатысты философия ғылымдарының докторы, профессор Тілекжан Рысқалиев Қазақ әдебиеті газетіне (2019 жылдың 26 қараша күні) «Абай ілімі және бүгінгі қазақ философиясы» тақырыбымен мақала жариялайды. Онда былай делінген: «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» – дегендей, әр елдің өз өмірінен пайда болған өзіндік төл философиясы бар. Неге біз неміс философиясына, орыс философиясына немесе араб философиясына жүгініп, солардың жолымен жүруіміз керек?

Кеше біз Маркстің, Лениннің философиясын бетке ұстадық. Жасыратыны жоқ, олардан үйренгеніміз көп болды. Бірақ, бұл философия

біздің салтымызға, дәстүрімізге, ділімізге сәйкес келмеді. Маркстік, лениндік философияға сүйене отырып, біз өзіміздің көптеген құнды әдет-ғұрыптарымыздан, салтымыздан, дәстүрімізден айырылып қалдық. Бізге сырттан таңылған Советтік философиядан өзімізді, өз кейпімізді таба алмадық, қазақ қазаққа ұқсамай қалды.

Кеше Тәуелсіздік алған кезде біздің алдымызда да: «Қазақ философиясы қандай болуы керек?» деген мәселе тұрды. Әркім әртүрлі жолдар ұсынды. Менің ойымша, бүгінгі қазақ философиясы Абай іліміне ұқсауы керек. Қазақ философиясының үлгісін, сұлбасын Абай туындыларынан шығаруымыз керек. Біздің философияға қажет тақырып та, идея да, үлгілер де Абайда бар. Тек оларды қазіргі заман тұрғысынан қарап, қабылдауымыз керек (Электронды ресурс).

Автор өте өзекті мәселені қазіргі философтар қауымының алдына талқылауға ұсынып, өзінің ұстанымында берген. Ғылыми мақаласының соңында қазақ фәлсафасы қандай болуы керек деген сұрақ қойып, оған да өзі жауап береді. Жауабы көпшіліктің ойынан шығатындығына сенімдімін. Бізде, осы тұжырымды қолдаймыз.

Осы жерде елімізге белгілі, ғалым, философ Серік Нұрмұратовтың пікірін келтіруді жөн санаймын: «Тоталитарлық қоғам қазақ философиясымен айналысамын деген азаматтардың осы мақсатта ұлттық ойлау жүйесін жандандыруға ұмтылғандарын да осындай бағалаулармен шектеп отырды. Міне, осындай идеологиялық тұмшалаудың арқасында тарих сахнасында әртүрлі рухани тереңдіктердегі өздерінің даналыққа толы тұжырымдарын бұқара халыққа жеткізген ойшылдар шығармаларының мәтін түрінде қоғамда кең тарамай және ғылыми зерттеулер түрінде өз бағалауларын алмай ондаған жылдар бойы уақыт өткізгені белгілі» (Әлжан, Нұрмұратов: Электронды ресурс).

«Қазақ өзінің тұжырымдарын, түсініктерін, ойларын негізінен этикалық деңгейге жеткізген халық. Қазақ философиясы классикалық үлгідегі трактат немесе монография түрінде емес, поэтикалық сипатта жеткізілген. Қазақ поэзия мен философия кірігіп кеткен ұғым болғандықтан, біздер философияны ақын-жыраулардың шығармаларынан іздей отырып, ойдың терең астарына, даналық сөздеріне аса мән береміз. Абай, Шәкәрім, т.б. ұлы тұлғалардың еңбектері адамды тәрбиелеуге жақын философия» (Нұрмұратов, Электронды ресурс).

«Қазақ философиясы – «өмір сүру философиясы», философия пәні рухы жағынан қазіргі экзистенциализмге жақын. Қазақ философиясы сөз құдіреттілігіне негізделген. «Аталы сөзге тоқтаған, бір ауыз сөзден жеңілген, сөздің ұлағатын білген қазаққа қазір сәл нәрсені ұқтыру үшін ұзақ-ұзақ насихат айтуың керек (Ғарифолла, 1994:59).

Бұл жерде жалпы «философия» деген ұғымды қазақ халқы қалай қабылдайтындығы мен сөздің құдіретін терең түсінетіндігіне автор назар аудартқанын байқаймыз. Әрине, сөздің киесі барын дәріптеген халық «Жүйелі сөз – жүйесін табар, жүйесіз сөз – иесін табар» – деп бекер айтпаған.

«Сегодня весь современный мир находится в состоянии очень резких перемен. В Казахстане сейчас создано общество, которые все может, но порой возникает некоторая неясность, в каком направлении двигаться дальше. И именно на этот социальный заказ должна, на наш взгляд, ответить казахстанская философия. Казахстанские философы должны научиться идти в ногу со временем, научиться ставить новые цели, не цепляясь за какие-то старые вещи» (Барлыбаева, 2013:360).

Нәтижелері және талқылама

Алмағайып заманда ұлттық фәлсафамыз қандай болу керек деген риторикалық сұрақ көпшілікті алаңдатындығы белгілі. Тәуелсіз ел ретінде еркін ойды, сананы бағдар ұстаған Қазақ халқының фәлсафасы қаншалықты заман қажеттілігіне қарай өзгерді. Студенттер қауымының сұранысынан шыға алатын фәлсафа қалыптастыра алдық па?! Міне, осындай өткір сұрақтар бізді де қатты алаңдатады.

Құндылықтар мен өмір сапасы өзгерген заманда, біздің таңдауымыз мен бағытымыз қандай болатындығын дөп басу да оңай емес. Алайда, алдын ала болжаудың өзі кейде келе бермейтіндігін пандемия көрсетті. Дегенмен, Қазақ фәлсафасының корифейі, абайтанушы, академик Ғарифолла Есімнің қаламынан шыққан ойлардың салмағы мен мазмұны көпшіліктің көңілінен шығатындығын атап өткен жөн.

«Тәуелсіз елдің философиясы да тәуелсіз болуы керек. Ой тәуелділігінің не екенін біз басымыздан кештік. Гегельдік-маркстік диалектика философияда монополия жасап, өзге философиялық ойлардың өріс алуына жолды жауып тастады. Кеңестік дәуірдегі философия дегеніміз Гегель, Маркс, Лениндерді түсіндіруден

аспады, сөйтіп философия схоластикалық мәнге айнала бастады. Гегель философиясына сын айту болмайтын іске айналды, оның себебі «Ленин «диалектика марксизмнің жаны» деген болатын сөзі. Философия тарихында қалыптасқан осы дәстүрден қазақстандық философтардың арылуы, бүгінгі күнде проблемаға айналып отыр. Дәстүр бұзушылық қай заманда болмасын оңай шаруа емес (Есім, 2006:129).

Бұдан шығатын қорытынды елімізге белгілі философтардың ескі философиядан арылып, жаңа қазақ фәлсафасын қалыптастыратын уақыт келгенін мақалаларынан байқадық. Бізде, осы өзекті мәселе төңірегінде ой қозғап, Қазақ фәлсафасы қандай болу керек және студенттерге не береміз деген ой төңірегінде өз ойымызды қосуды жөн көрдік.

Бүгінгі күнде «философия» ғылымы күн көрістің амалына айналғаны шындық. Ел ішінде және студенттер арасында философия пәніне қатысты пікірлер сан алуан. Көпшілігі ұната қоймайтындығы шындық. Жаман стереотип қалыптасқан. Оған, өзімізден де кінә бар. Бұл сөзімізге қарсы пікір айтып, келіспейтіндер де бар екендігін білеміз.

Тәуелсіз ел болғалы 30 жыл болса да осы аралықта философия ғылымын жаңа мазмұнда жаңартып, бойына қан жүгіртетін уақыт жеткілікті еді. Өкінішке орай, бұл істі істей алмадық. Мүмкін, істедік?! Жоғарыда ғалымдарымыз атап, шын сөзін айтқанына қарағанда жаңарта алмағандығымыз басым бола түскендей.

Менің білуімше, әлемнің ең мықты, беделді жоғары оқу орындарының көбінде философия пәні (сыни ойлау, ұлттық идеология, позитивизм басқалар аталуы мүмкін) оқытылады. Сондықтанда, еліміз бойынша философия пәнінен сабақ беретін оқытушылардың басын біріктіретін, өзекті мәселелерді талқылайтын үйлестіруші құрылым құрса жақсы болар еді.

«Быть или не быть» деген риторикалық сұрақ баршамызды мазалайтындығы шындық. Біздің ойымызша «философия» ғылымының жаңа деңгейге өтуі үшін «философия» кафедраларына білімді, креативті, жаңаша ойлай алатын, бірнеше тіл меңгерген жас ғалымдарды қабылдау қажет. Философия қатып қалған догма, теория, гипотеза емес. Философия – ол өмір. Философия пәнін оқыту барысында шығармашылық ізденіспен, қызықты тақырыптар беріп, бүгінгі күннің өзекті, өткір құндылықтарын талқылап, қазақ ойшылдарының ойларын студенттердің санасына сіндірсек дұрыс болады деп ойлаймыз. Философияны бір жақты оқытуға, жесең

де жейсің, жемесең де жейсің деген принциппен оқыту кешегі заманның талабы.

Ең алдымен философия пәнін оқыту барысында біздер маман емес, адам тәрбиелейміз, адамшылық құндылықтарды қалыптастыратын миссиямызды ұмытпаған дұрыс. Қазіргі алмағайып заманда өмірдің мәні, адамның өмірлік маңызды сұрақтарын талқылауды күн тәртібіне қойған дұрыс.

«Платон маған дос, бірақ маған шындық қымбат» – дегендей философия ғылымына қатысты ойлар да көп болатындығы заңдылық. Әлеуметтік желіде көп көтерілетін тақырыптардың бірі. Өйткені, жоғары білім алған әр студент философияны оқығандығы жеткілікті. Демек, қазақ халқына вертикальды фәлсафа емес, горизонталды фәлсафа дұрыс деп ойлаймыз?! Ойға еркіндік пен іс-әрекетке жауапкершілік қажет.

Философия ғылымының басты зерттеу объектісі – адам. Демек, фәлсафаның айналысатын ең басты миссиясы – адам болмысы. Бұл дүниедегі жұмбақ – адам болса, осы жұмбақты фәлсафа ғылымы шешумен шұғылданады. Сондықтан да фәлсафа адамды дұрыс жолға салатын хакімдік пен білімге айрықша мән береді. Қазақ халқына адамшылық қасиеттерді дәріптейтін құндылықтарды біз – Абайдан табамыз. Ол үшін Хакім Абайды білу, тану, түсіндіру керек деп санаймыз.

Біздің түсінігіміз бойынша, Қазақ фәлсафасының өзегі – өмір сүру. Қазақ халқы өмір сүргенге өте ұқыптылықпен қараған. Өмір сүрудің өзі – құндылық. Жай ғана өмір сүру емес, адамша өмір сүруді мұрат еткен. Өмірге қажетті қарапайым қажеттіліктерді қадірлеп, бағалаған. Өмір сүруден туындайтын өмір мәнділік мәселелерді күн тәртібінен түсірген емес.

«Жалпы, Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық-дүниетанымдық ойы батыстағыдай қалыптасқан негізінен рационалдық жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде, халықтық салт-дәстүрлерде және ұлттық ырымдарда сақталған. Адам мен элементінің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануы, сөйтіп өзін басқаға танытуы, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам

болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан философия» – деп атаған (Электронды ресурс).

Қазақ фәлсафасының мазмұны – метафорадан тұрады. Метафора – мәдени-ұлттық дүниетанымға негізделген. Метафора – қазақ халқының бүкіл жан дүниесін бір жерге тоғыстырған танымның әмбебаптылағы. Қазақ халқы дүниені метафора арқылы бейнелеп, оны түсінудің құралы ретінде санаған.

Тәуелсіздікке жетіп, бұрын жоғалтқан, белгілі себептермен айтылмай келген асыл қазыналарымызды қайта тапқандай болдық. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанды. Қоғамның саяси жүйесі ғана емес, тұтастай ойлау жүйесі өзгеруде. Себебі, еркіндік, тәуелсіз ел болу қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында ғана қол жеткізді. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақ Елін бүкіл әлем білді, таныды. Ендігі мақсат одан әрі өркендеудің даңғыл жолына түсіп, халық санасының өзгеруіне жұмылған дұрыс. Сана, ойлау жүйесі өзгермей басқа дүниені өзгертем деу бекер іс болмақ.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық.

Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді [Электронды ресурс]. Елбасының бұл мақаласының астарында үлкен мән, қандай бағытта жүруіміз керектігін меңзегені тайға таңба басқандай жазылған. Яғни, өзгеріс қана елді дағдарыстан алып шығатындығын атап өтеді.

Президентіміздің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында Абай мұрасы – біздің

ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанмыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді (Электронды ресурс). Хакім Абайдың даналығын, даралығын халыққа кеңірек түсіндіруіміз қажет. «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» демекші Абайдың фәлсафасына терең бойлап, жұмбағын шешуге талпынайық.

Қорытынды және тұжырамдама

Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Мәселе сол рухани інжумаржанның қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр (Шаукенова, 2019:159).

Қазақ фәлсафа қауымының алдында орасан зор міндет тұр. Рухани інжу-маржандарды жинақтап, ұлттық бояуды жоғалтпау маңызды қадам болмақ. Ақпараттық заманның трендтерін ескеріп, ұрпақ сабақтастығын үзбей Қазақ фәлсафасын жаңа белестерге шығарудың тікелей

жолы Хакім Абайдың ойын, сөзін жаңғырту дұрыс деп санаймыз.

Қытай елінде Конфуций атты ойшылы бар. Бүкіл Қытай халқы Конфуцийды ұстазымыз деп құрметтеп, оның даналық ойларын үнемі айтып отырады. Конфуцийдың фәлсафасынан бүкіл Қытай халқы тәлім-тәрбие алып сусындап келеді. Міне, біз де Хакім Абайдың төңірегіне жиналып, одан білім, фәлсафаны үйренуіміз қажет. Осындай қилы заманда қазақ халқын тек қана – Абайдың ойы, сөзі алып шығады.

Философ, ойшыл – өз заманының, өз уақытының өлшемін білген ақыл-ой иесі. Көне замандарда қажет болған фәлсафа өркениет әлемінде өз орнын іздеп жатқан елімізге де, бізге де керек ғылым. Фәлсафа ең алдымен дүниетаным, өмірлік ұстаным, көзқарас, іс-әрекет, ойлау тәсілі, ұлттық сананың биік дәрежесі. Олай болса, Хакім Абайдың әрбір сөзі, ойы қазақ халқының шамшырағына айналып, ұлттық брендке айналғанда Қазақ фәлсафасының абыройы арта түсетіндігіне сенімдіміз.

Алғыс

Назарларыңызға ұсынылып отырған ғылыми зерттеу мақаламызда қазақ фәлсафасының бүгінгі күндегі өзекті мәселелерін және болашақта қандай бағытта болу қажеттігі туралы тұжырымдамаларымызды ортаға салып отырмыз.

Осы мақаланы жазуда елімізге белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйендік. Аға буын ағаларымыздың қазақ философиясына қатысты жазған мақала, ғылыми зерттеулердегі ойлары біз үшін өте маңызды, сол үшін оларға зор ризашылығымызды білдіреміз.

Әдебиеттер

- Стивен Хокинг. (2012). Леонард Млодинов. Высший замысел. – СПб.: Амфора. – 208 с.
- Бижанов А. (2020). Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының рөлі мен маңызы: ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты. – 341 б.
- Қазақ энциклопедиясы. (2002). Алматы.
- [Электронды ресурс] <https://qazaqadabiet.kz/22743/abaj-ilimi-zh-ne-b-gingi-aza-filosofiyasy>.
- [Электронды ресурс] Әлжан Қ.Ұ., Нұрмұратов С.Е. (философия, саясаттану және дінтану институты) «Индустриалды-инновациялық дамудың рухани негіздері» мақалада <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/Aljan.Nurmuratov.pdf>.
- [Электронды ресурс] <https://egemen.kz/article/179010-tarixi-sanany%C2%A0-dganhghyrtu-%C2%A0maseleleri-khaluqaralyq-konferentsiya-baryсында-t> «Тарихи сананы жаңғырту аясындағы қазіргі заманғы гуманитарлық білім мен ғылымның жаңа көкжиектері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында философ С. Нұрмұратов.
- Ғарифолла Е. (1994) Сана болмысы. Алматы.
- Барлыбаева Г. (2013). Казахская философия: проблемы и перспективы. // Философия в современном мире: развитие стратегического развития: Материалы I Казахстанского философского конгресса. Алматы.
- Ғарифолла Е. (2006). Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 том, Астана.
- [Электронды ресурс] https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (11 қазан күні қаралды).

[Электронды ресурс] <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>. © egemen.kz (11 қазанда қаралды)

[Электронды ресурс] <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan> (12 қазанда қаралды).

Нұрмұратов С.Е. (2019). Казахская философия: поиски идентичности и тренды духовного развития //Әл-Фараби | 1 (65). – 159 б.

Шаукенова З. (2019). Казахская философия: поиски идентичности и тренды духовного развития //Әл-Фараби | 1 (65).

References

Stiven Khoking. (2012). Leonard Mlodinov. Vysshiy zamysel. – SPb.: amfora. – 208 c. [Steven Hawking. (2012). Leonard Mlodinov. The grand design. – SPb.: amfora. – 208 p.]

Bijanov A. (2020). Qazirgı Qazaqstan rwxaniy jangırwındaqı qazaq filosofiyası men madenieti. Ujımdıq monografiya. [The role and significance of Kazakh philosophy in the spiritual revival of modern Kazakhstan. Collective monograph.] – Almaty: Institute of Philosophy, Political Science and Religion of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. – 341 p.

Qazaq enciklopediyaları. [Kazakh encyclopedia] (2002). Almaty.

[Elektronдық reswrs] <https://qazaqadebieti.kz/22743/abaj-ilimi-zh-ne-b-gingi-aza-filosofiyasy>.

[Elektronдық reswrs] Äljan Q.U., Nurmuratov S.E. (filosofiya, sayasattanw jne dintanw institwtarı) «Indwstrialdar-innovaciya-lar» damwdın rwxani negizderi maqalada. [(Institute of Philosophy, Political Science and Religion) in the article “Spiritual foundations of industrial and innovative development”] <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/Aljan.Nurmuratov.pdf>

[Elektronдық reswrs] <https://egemen.kz/article/179010-tarixi-sanany%C2%A0-dganhghyrtu-%C2%A0maseleleri-khalyqaralyq-konferentsiya-barysynda-t> “Tarixi sanatı jaqırtw ayazındaqı qoıqalıqtar konferenciya” barısında filosof S.Nurmuratov. [During the international scientific-practical conference “New horizons of modern humanities education and science in the context of the revival of historical consciousness” philosopher S. Nurmuratov.]

Garifolla E. (1994) Sana Bolmısı. (1994) [The essence of consciousness.] Almaty

Barlyayeva G. (2013). Qazaq filosofiyası: maseleleri men bolashaqı. // Qazirgi alemdegi filosofiya: strategiyalıq damwdın damwı. [Kazakh philosophy: problems and perspectives.] // Philosophy in the modern world: the development of strategic development. Materials of the I Kazakhstan Philosophical Congress. Almaty.

Garifolla E. (2006). Tawelsizdik Qazaqstan filosofiyası. [Philosophy of independent Kazakhstan]//Philosophical heritage of the Kazakh people. Volume 20, Astana.

[Elektronдық reswrs] https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (11 qazan küni qaraldı).

[Elektronдық reswrs] <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>. © egemen.kz (11 qazanda qaraldı)

[Elektronдық reswrs] <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan> (12 azanda qaraldı).

Nurmuratov S.E. (2019). Qazaq filosofiyası: saykestilik pen rwxani damw tendenciya-ların izdew/. [Kazakh philosophy: search for identity and trends of spiritual development // Al-Farabi | 1 (65). – 159 p.

Shawkenova Z. Qazaq filosofiyası: rwxani damw tendenciya-ların izdew. [Kazakh philosophy: search for identity and trends of spiritual development] // Al-Farabi | 1 (65) 2019.